



№7 (12) ШІЛДЕ 2017

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

www.facebook.com/OzenMunaiGaz/



Шілде айының 5 жұлдызында «ҚазМұнайГаз» барлау өндіру» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев келіп, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның жаңа бас директорын ұжымға таныстырды. «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры болып Бекзат Қылышбекұлы Абайылданов тағайындалды.

**Б**екзат Қылышбекұлы «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып қосымша қызмет атқаратын болады. Сондай-ақ, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар бойынша орынбасары қызметіне Мақсат Оңғарбайұлы Ибағаров тағайындалды.

Акционерлік қоғамда арнайы техникалардың 40 пайызы ескі. Бұл-транспорт саласындағы күрделі мәселенің бірі. Ал әлеуметтік салада да бірқатар жасалуға тиісті жұмыстар бар. Қос мәселелі бағыттың басын біріктіріп, оңтайлы шешу кәсіпорынды толық білетін Мақсат Оңғарбайұлының қолынан келеді, – деп сенім артты Қ.Есқазиев.

Айтқали Башенов «Өзенмұнайгаз» АҚ транспорт бойынша басқарушы директор болып тағайындалды. Бас директордың транспорт жөніндегі

## «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ-НЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР



Бекзат Абайылданов



Мақсат Ибағаров



Айтқали Башенов

орынбасары болып ұзақ жылдар жемісті жұмыс жүргізгені үшін А.Башеновке «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ атынан «Алғыс хат» табыс етілді.

АҚ-ның қаржылық жағдайы қиын болып тұрса да, даму жоспарына сәйкес атқарылатын шаралар жетерлік. 2018

жылы «Өзенмұнайгаз» 3 «Д» сейсмологиялық барлау жұмыстары жүргізіледі. Мұнайдан суды алдын ала айыру цехтарын модернизациялау қолға алынады. Қосымша 646 дана арнайы техника алынады. Мекеменің мамандары оқытылып,

жаңа технология енгізіледі. Қиын кезеңдегі мұндай жұмыстарды ауыз-біршілікте атқару керек. Жаңа тағайындалған басшыларға осындай тапсырмалар жүктелді, – деп баса айтты «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры Қ.Есқазиев.

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ АТҚАРУШЫ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ ӨЗЕН КЕНОРНЫНДА БОЛДЫ

**ЖАҚЫНДА «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ БАРЛАУ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ МҰНАЙ СЕРВИСІ ЖӨНІНДЕГІ АТҚАРУШЫ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ ОЛЕГ КАРПУШИН ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ӨЗЕН КЕНОРНЫНА КЕЛДІ.**

**О**л компания басшылығы және басқарма директорларымен басқосу өткізіп, кенорынның бүгінгі мен ертеңі туралы және өндіріс көлемін ұлғайтуға қатысты басшылардың ұсыныстары мен пікірлерін тыңдады.

Жиында өндірістің тиімділігін арттыру шаралары, ілеспе суды тазалау, жол қауіпсіздігі, өндірістегі еңбек қауіпсіздігі, компания жұмыскерлерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсаттарында мамандарды

шетелдерге оқыту, шетелдік компаниялармен өзара тәжірибе алмасу ісін оң жолға қою мәселелері жан-жақты талқыланды.

Олег Карпушин өз сөзінде «Өзенмұнайгаз» АҚ жылдық көрсеткіші 5 миллион тоннадан астам мұнай өндіру көлемі бойынша Қазақстандағы он ірі мұнай өндіруші компания қатарына кіретіндігін, Маңғыстау облысының озық мұнай өндіруші кәсіпорын үштігінің құрамында екендігін айта келіп, ел экономикасының өркендеуі



жолында жемісті еңбек етіп жүрген әріптестеріне ерен еңбектері үшін алғысын білдірді.

Жиыннан соң қонақ Өзен кенорнында орналасқан маңызды нысандарды аралап, ішкі жұмыс жүйесімен,

мұнайшылардың өндірістегі тұрмыстық жағдайымен танысып, жұмыскерлер үшін жақсы әлеуметтік-тұрмыстық жағдай мен жұмысқа қолайлы мүмкіндіктер туғызған компания басшылығына өз ризашылығын жеткізді.

### Бас директор мекеменің хал-ахуалымен танысты

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Бекзат Абайылданов Өзен кенорнын аралап, компанияның тыныс-тіршілігімен танысты. Ол осыған дейін компанияда әлеуметтік бағытта жасалған игі жұмыстарды өз көзімен көріп, оң бағасын берді. Әсіресе өндірістегі жолдар мен жаңадан салынған асханалардың сапасы жаңа басшының көңілінен шықты.

Бас директор өндірістегі қызметкерлермен кездесу барысында нарықта мұнай бағасының түсуіне байланысты экономикалық қиындықтарға қарамастан, осы уақытқа дейін көрсетіліп келген әлеуметтік жеңілдіктердің төмендемейтінін жеткізді. Ол бұл өлкенің дамуына әрбір мұнайшының сүбелі үлесі бар екендігін жеткізді.

Сондай-ақ, бас директор өндірістегі негізгі бағыт – шығындарды тиімді пайдалану, қолда барды күтіп ұстау және еңбек қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтай отырып, мұнай өнімділігін арттыру екендігін айтты.

## МҰНАЙШЫЛАР ДЕПУТАТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Өңірге келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Тарас Хитуов, Балайым Кесебаева және Серік Құсайынов «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнайшыларымен кездесті.



Депутаттар ҚР Парламентінде қабылданып жатқан заңдарды халыққа таныстыру, түсіндіру, сондай-ақ жергілікті жердегі мәселелерді тыңдау мақсатымен келген. Алдымен, халық қалаулылары өздерінің негізгі атқарып жатқан жұмыстарын айтты. Маңғыстаудың өзге облыстармен салыстырмалы түрде әлеуметтік жағдайының жақсы екендігі қара алтын өндірісінің арқасы екендігіне тоқталды. Ал мұнайшылар халық пен биліктің

арасындағы дәнекер-тұлғаларға сан сұрақты төтесінен қойды. Ұсыныстарын білдіріп, нақты мәселелерге көшті. Атап айттар болсақ, Бұрғылау жұмыстары басқармасы кәсіподақ ұйымының төрағасы Марат Жүсіпбаев қала тұрғындарына тапшылық туғызып отырған ауыз су мәселесін алға тартты. Халық санының артуына байланысты жұмыссыздықтың көбейіп отырғанын жеткізді. Сонымен бірге «Кендірлі» демалыс аумағының маңынан жұртшылыққа тиімді, тегін демалу орталығын ашуды

ұсынды. Тіпті сол арқылы туризмді қолға алып, жастарды жұмыспен қамтудың жағдайларын ұйымдастырсақ, - деді. Медицина саласы мамандарының жетіспеушілігін, құрылысы тұралап қалған емдеу мекемелерінің жайын да жасырмады. Еңбек кодексіндегі өзгерістердің де жұмысшыларға қолайсыздығын айтып, «жоғарыға» жеткізеңіздер деп тілек білдірді. Халық қалаулылары су мәселесінің жергілікті атқарушы орган тарапынан қолға алынып, шешімін табатынын айтты. Дәрігерлердің жетіспеушілігі әкімдіктен бөлінген гранттар арқылы оқыған жастардың алдыңғы легінің келіп, қызметке орналасуларымен реттелетін мәселе екені белгілі болды. Бұл түйткілдің де ұзаққа созылмай тарқайтыны көптің көңіліне медеу болды.

«Кәсіподақ – қызметкерлердің құқығын қорғап, жағдайларын бақылауға арналған ұйым» деген ұстаныммен акционерлік қоғам басқармаларындағы кәсіподақ ұйымының төрағалары кезек-кезек сөз алып, көкейлерінде жүрген, түптеп келгенде, еңбек адамдары мен қарапайым тұрғындарға қолайлы өмір сүру жағдайларын ұйымдастыру жолдарын айтты. Келген депутаттарға ұсыныстарын «түртіп алуларын» сұрады.

Халық қалаулылары ел орталығынан шалғайда орналасқан қала, аудан, ауылдарға жиі барып, осындай кездесулер өткізсе, кез келген мәселе дер кезінде оң шешімін табатынын анық. Мұнайшылардың да ойы осы бағытта болды.

## Басқармалардағы БАСҚОСУЛАР

Өз қызметіне кіріскен акционерлік қоғамның бас директоры Б.Абайылданов барлық басқармалардың инженер-техникалық қызметкерлерімен кездесу өткізді. Мақсаты ұжыммен толығырақ танысып-білісу, компанияның бүгінгі тыныс-тіршілігінен ақпар беріп, алдағы жоспарлы жұмыстармен таныстыру болды.



Кесте бойынша кездесу жиыны Мұнай-газ өндіру басқармаларынан басталды. Одан соң Скважиналарға қызмет көрсету, Бұрғылау жұмыстары мекемелерінде жалғасын тапты. Басқосуды бас директордың өзі жүргізіп отырды. Ол Өзенмұнайгаздың қазіргі ахуалы, алдағы бағыты бейнеленген слайдты қатысушыларға баяндады. Онда қаржылық ақпараттар нақты көрсетілді. Сонымен бірге еңбекақы төлеу бойынша шешілген өзекті мәселелер,

компанияның таза ақша ағыны, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның қаржылай көмегі және ұжымдық шарттың орындалысы мен аса маңызды стратегиялық жобалар таныстырылды. Бас директор әр басқарманың жауапты мамандарына мекеменің қазіргі жағдайының аса маз емес екенін айтып, өндірістік жоспарды орындауға күш салуды тапсырды. Ол үшін қызметкерлерге қолайлы жағдайдың жасалып отырғанын да жеткізді. «Өндірісті жақсарту керек.

Бұл мекемені сіздерден артық ешкім білмейді. Жүктелген жұмысты даладан келіп өзге адам жасап бермейді. Сондықтан экономикалық ахуалды көтеру жолында ұжым мүшелері тәртіп пен ауызбіршілікті нық ұстану керек», - деп сенім де білдірді. Жиналыста әлеуметтік, қаржылық сауалдарға байланысты жауапты басшылар да сөз алды. Басқармалардағы кәсіподақ төрағалары мен жұмысшылардың да сұрақтары аз болмады.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ БАЛАНСЫНДА 1471 БІРЛІК АВТОКӨЛІК БАР. ОЛАР 8 ТРАНСПОРТ БАСҚАРМАЛАРЫНДА Яғни, №1, 2, 3, 5 СҚКБ, ТТБ, АЖТБ, ХЖЭБ ЖӘНЕ БЖБ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БАСҚАРМАЛАРЫНДА ШОҒЫРЛАНҒАН.

## Арнайы техникаларды жаңарту – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Аталған көліктердің 527 бірлігі (35,8%) 10 жылдам астам уақыт пайдалану мерзімін өтеп, амортизациялық құны толықтай өтеліп, тозығы жеткендіктен жаңартуды талап етіп тұр. Алайда барлық техникаларды жаңарту бір жылдың шеңберіне сыймайтындықтан, «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы арнайы көліктерді 2017-2021 жылдар аралығында жаңартуды көздеп, бес жылдық мерзімді қажет ететін жоспарды бекіткен болатын. Аталған жоспар «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басшылығы тарапынан қолдау тауып, тез арада жүзеге асырыла бастады. Өткен 2016 жылы 50 дана арнайы техника жаңартылып, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Бас директоры Қ.Есқазиев осы жылдың аяғында арнайы көліктің кілтін әр жүргізушіге өз қолымен салтанатты түрде табыстады.

Аталған жаңарту жоспары бойынша 5 жылдың ішінде 646 бірлік арнайы көліктерді жаңарту көзделіп отыр. Бұл арнайы техникаларды сатып алу үшін 17 млрд. теңге қарастырылып отыр.

Биыл 2017 жылдың «ӨМГ» АҚ бюджетінде 124 бірлік техника сатып алу жоспарланып отыр. Күні кеше 13 арнайы техника орталық базамызға келіп, қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының Отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету бағдарламасына сай, 50 дана арнайы техниканы алу үшін Көкшетау «КамАЗ-Инжиниринг» АҚ-мен және 29 арнайы техниканы алу үшін «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ-мен келісім-шарт жасалды.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы басшылығы арнайы техникаларды жаңалау өндірісті алға қарай дамытудағы алғы шарт ретінде назарда ұстап, көліктерді үздіксіз жаңарту үстінде. Жаңа техникамен мұнай өнімділігінің анағұрлым артатынын сөзсіз.

Болат БЕКЖАНОВ,  
Транспорт департаментінің директоры



## «EXPO – 2017» КӨРМЕСІ.

# ӨЗЕЧІМҰНАЙ АЙТ АЗДЫҚТАР КӨЗГІМЕЧІ

БҮГІНГЕ ДЕЙІН МИЛЛИОННАН АСА КЕЛУШІГЕ ТАҒАЖАЙЫП ЖОБАЛАРДЫ ТАМАШАЛАТЫП ҮЛГЕРГЕН «EXPO – 2017» КӨРМЕСІНЕ «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ-НЫҢ 557 ҚЫЗМЕТКЕРІ БАРЫП КЕЛДІ. ЕЛІМІЗДЕ ӨТІП ЖАТҚАН АУҚЫМДЫ ШАРАҒА МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫН «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БӨ» АҚ ТОЛЫҚТАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫР.

**27** маусым күні аттанған алғашқылардың бірі – «Өзенмұнайгаз» АҚ Жобаны басқару департаментінің аға инженері Жанат Жанмұхамедов көрмеден алған әсерімен бөлісті. «Ұшақпен бардық, күтіп алды. Орналастық. Кешкі асымызды ішіп далаға шықтық. Біз барған күні Димаш Құдайбереновтың концерті болатын күн екен. Қуана-қуана қатыстық. Ондағы әсер ерекше болды. Димаштың табиғи дауыста шырқаған әнін тыңдауға келгендердің қатары көп болды. Шетелден әншілер келген. Өте керемет! Келесі күні ЭКСПО-ға бардық. Көрмені көрген де, көрмеген де арманда! 8 қабаттан тұрады екен. Бәрі араладық. Америка, Монако, Ресей, Германиялардың көрмелері есте қаларлықтай. Сәнділігі, жабдықтылығын өзіміздің Қазақстанның да дайындығы жоғары деңгейде екен. Әрине, елімізде өтіп жатқасын қазақстандықтарға ақысыз көрсетілсе ғой деген ой да болды. Себебі



барып, көруге жағдайлары көтермейтін адамдар да бар ғой. Біздің қатысуымызды ұйымдастырған басшылыққа разымыз» дейді ол. Ал Әкімшілік бөлімінің басшысы

Алтынай Нұрмұханова «Қазақстанның осындай жетістікке жетіп, қыруар мемлекетті жинап, көрме өткізгенін көріп, марқайып қалдық. Павильондардың

15 лекпен 2040 адам барады деп жоспарланып отыр. Бүгінге дейін алты жүзге тарта мұнайшы әлемдік шараның куәсі болып келді.

«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИ БИЫЛ ЕЛІМІЗ БОЙЫНША ЖЕТІНШІ РЕТ ӨТКІЗІЛДІ. ЖАЙ ҒАНА СПОРТТЫҚ СЫН ЕМЕС, ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫН, ТЕКТІЛІГІН ТАНЫТҚАН ЖАРЫСҚА «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНАН ЖИЫРМАҒА ЖУЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР БАРЫП, КӨРІП КЕЛДІ. СОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА АТ СПОРТЫНЫҢ ӨЛКЕМІЗДЕ ДАМУЫНА ӨЗІНДІК ҮЛЕСІН ҚОСЫП ЖҮРГЕН ОРЫНБАСАР ҚҰЛБЕКОВ ТЕ БОЛДЫ. ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ ЖАНАШЫРЫ, МҰНАЙШЫ АЗАМАТПЕН СҰХБАТЫМЫЗ БЫЛАЙША ӨРБІДІ:

**О**рынбасар аға, Жаңаөзеннен бір топ азамат болып «Қазақстан барысы-2017» республикалық турнирін тамашалап келдіңіздер. Жалпы барлығыңыз да уақыты тығыз адамсыздар, баруға не тұрткі болды? Телеарналардан да тікелей эфирден көруге болар еді ғой.

– Өте дұрыс айтасыз. Құдайға шүкір дейік, еліміздегі барлық ауқымды жобалар тікелей эфирде қазақстандық телеарналардан көрсетіліп келеді. Бірақ біздің бұл турнирге баруымызға екі себеп болды. Бірі – ұлттық спортқа деген сүйіспеншілік, жанашырлық. Тағы бірі – «ҚазМұнайГаз» барлау өндіру» АҚ бас директоры Қ.Есқазиевтың шақыртуы. Яғни өзіміздің ынтымағымыз басшымыз әрі жалғап кетті. Жалпы, айта кету керек, Құрманғазы Орынғазыұлы – компания қызметкерлерінің саулығы мен салауаттылығын арттыру бағытындағы бірқатар жұмыстарға бас болған азамат. Мұнайшылардың жағдайын жасауда аянып қалған емес. Мына сапарымыз да сол кісінің арқасы деп айта аламыз.

**Турнирден қандай әсер алдыңыздар? Палуандардың белдесуі есте қандай ерекшелігімен қалды?**

– Жаңаөзеннен ұлттық спортқа жанашыр 17 адам бардық. Маңғыстаудың намысын қорғайтын інілеріміз Нұрдәулет Жарылғапов пен Мейрамбек Жаңабайға жанкүйер болдық. Қос палуанымыз да барын салды. Алайда сәтсіздікке ұшырап,

## «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ - 2017» турнирінің тартысты сәттерін көрдік

жеңіске жете алған жоқ. Жігіттерге әлі де тәжірибе керектігі көрінді. Сайыс «Барыс» аренасында өтті. Оған 12 мыңдай көрермен жиналды. Балуандардың боз кілемдегі белдесуі 7 сағатқа созылды. 7 сағаттық концертті адам тапжылмай отырып тамашалай алмауы мүмкін. Бірақ мына доданың қалай өткенін байқамай да қалдық. Қазақтың азаматтарының ұлттық спортқа ұмтылыстарына, дайындықтарына тәнті болдық.

**«Ұлттық спорт» деп қалдыңыз. Өзіңіз де ат спортының дамуына дамыл таппай еңбек етіп жүрген азаматсыз. Жалпы біздің өңірде бұл саланың көшін ілгерілетуге қандай кедергілер бар?**

– Иә, рахмет. Мен ұлттық спортқа жанашыр азаматпын. Ат спортын жаным сүйеді. Ат спорты – бүтін бір ел азаматтарының рухын, қажыр-қайрат, күшін көрсететін спорт, тектілік пен талант, жауапкершілік ұштасқан үлкен сала. Сондықтан бұл бағытта жұмыстарды еселеу керек. Бірақ кедергі бар. Бізде Жаңаөзенде ипподром жоқ. Керемет шетелдік көлігің бар, асфальтың жоқ. Сол сияқты ғой. Аттар жарап тұрады, айдалаға апарып жарыстырамыз. Сондықтан Жаңаөзенде ат жарысы



орталығын ашу керек дер едім. Себебі қалада жылына бірнеше рет ат жарысы өтеді. Ат баптауға, жалпы ұлттық спортқа жастардың қызығушылығы күн санап артып келе жатыр. Соны ескеруіміз керек. Орталыққа мысалы, бірнеше спорттың түрін енгізсек, несі айып?! Осы арқылы көп болып ұрпақ тәрбиесіне үлес қосар едік. Жеткіншектерді жақсы іске бағыттар едік.

**– Үлкен жобаларды қолға алып, ел игілігіне ұсынып жатқан мұнайшылар қаласында бұл тілегіңіз де аяқасты қалмас деп ойлаймыз. Сұхбатымызды түйіндесек!**

– Әр адам өз ұлтына, оның құндылықтарына құрметпен қарау керек. Ел мүддесіне, мәдениетіне, спортына бейжай қарауға болмайды. Ал «Қазақстан барысы-2017» турнирінің тартысты сәттерін көріп, рухымызды көтеруге мүмкіндік туғызған «ҚазМұнайГаз» барлау өндіру» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиевке, аппарат жетекшісі Бауыржан Асқаровқа, Әлеуметтік саясат департаменті директорының орынбасары Бауыржан Мәмбетсапаевқа өз атымнан, компания атынан алғысымды білдіремін.

**Әңгімеңізге рахмет!**  
Сұхбаттасқан Индира ЖАЗЫҚБАЙҚЫЗЫ



# ӨНДІРІСТІК - ТЕХНИКАЛЫҚ ЖИНАҚТАУ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты іргелі кәсіпорынның бірі – Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасы.

Алғаш 1969 жылы «Маңғышлақмұнай» бірлестігі басқармасы болып құрылған. 1996 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Орталық материалды - техникалық жабдықтау базасы болып қайтадан құрылады. Одан соң «Өзенмұнайгаз» бен «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамдарын біріктіру арқылы 2004 жылы «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалының Орталық материалды техникалық жабдықтау базасы болып қайтадан құрылды. 2007 жылы мекеменің атауы өзгеріп, Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтарды жинақтау басқармасы болып бекітілді. Содан бері он жыл көлемінде осы атпен аталып, өзінің негізгі қызметін мүлтіксіз атқарып келеді. Басқарманың негізгі қызметі – «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының қажеттілігі үшін тауар жеткізілімі шарты негізінде теміржол және автокөлік арқылы әкелінетін тауарларды қабылдау, сақтау және оларды өзге өндірістік - құрылымдық бөлімшелерге жіберу және олардан пайдаланылудан шығарылған тауарларды, металл қалдықтары мен сынықтарын кері қайтару мақсатындағы жинау жұмыстары болып табылады. Қазіргі таңда басқармада 209 қызметкер бар.



**Талгат Дүйсенбаев, Өндірістік - техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасының басшысы:** «2016 жылдан бастап басқармамызға қосымша жанар-жағармай станциялары қосылып, учаске ретінде жұмыс жасауда. Аталған негізгі қызметтің аясына жүктерді түсіру - тиеу, тиісті қоймаларға жинау, сонымен қатар оларды тасымалдау, жеткізу үшін арнайы техникаларға жүктеу және акционерлік қоғамның автокөліктерін жанармаймен үздіксіз қамтамасыз ету жұмыстары кіреді. Басқарма жұмысшыларының еңбек және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында

«Өзенмұнайгаз» АҚ басшылары тарапынан әрдайым қолдау, қамқорлық көрсетіліп отырады. Соған байланысты басқармадағы еңбек қауіпсіздігін сақтау, жұмыскерлердің тамақтануы, денсаулығын жақсарту, біліктілігін көтеру және спорт саласындағы жағдайлары басқарма басшылығының үнемі назарында. Жұмыстың жүйелі жүруі де осындай жақсы жағдайлардың жасалып отырғанынан деп білемін. Осы орайда акционерлік қоғам басшылығына алғысымды білдіремін».

Басқармада негізгі жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында төмендегідей тиісті қосымша құрылымдық бөлімшелер қарастырылған:

1. Шарттарды мониторингтау бөлімі;
2. Тауарларды қабылдау және жіберу бөлімі;
3. Қойма шаруашылығы учаскесі;
4. №1 және 2 түсіру - тиеу учаскелері;
5. Жанар-жағармай құю станциялары учаскесі;
6. Жөндеу - механикалық базасы.

Әрбір құрылымдық бөлімшелердің атқаратын өзіндік маңызды





# ҚАМТУ ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАРМЕН БАСҚАРМАСЫНЫҢ

## МҰНАЙ КЕҢІ



жас маман болып 1978 жылдың 13 желтоқсанында келдім. Ол кезді қазіргімен салыстыруға болмайды. Өте қолайсыз еңбек жағдайларын бастан өткіздік. Қазір бәрі басқаша. Жұмыс жасаймын деген адамға барлық мүмкіншілік бар».

№2 түсіру – тиеу учаскесі – «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірісінен пайдаланудан шыққан тауарларды кері қабылдап, түсіріп, одан әрі тиісті шарт бойынша оларды сатып алушы тұлғаларға тиеп береді.

Автоқю және автогаз қю станциялары учаскесі арнайы автокөлік техникаларын үздіксіз жанар-жағармаймен және газбен қамтамасыз етеді. Жөндеу-механикалық базасы теміржол немесе автокөлік арқылы жеткізілген жүктерді арнайы жүк көтергіш крандармен,



кеттер деп есептеймін», – дейді.

Басқармадағы барлық тауар санаулы, рұқсатсыз келіп-кетушілер жоқ. Ал басқармадағы есеп-қисап Шархат Сариеваның қолында. 40 жыл есепші болып қызмет атқарған Шархат Сариева осы мекемеге өмірінің 26 жылын арнаған. Мол тәжірибе иесі санаулы күндерден кейін зейнеткерлікке кетпек. Ол: «Ұжым жақсы, ұзақ уақыт осында қызмет еттім. Талай басшымен қызметтес болдым. Жұмысым жемісті, еңбегім табысты болды. Өндірістік - техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасына алғысым шексіз. Жастар келіп еңбекке араласу керек. Халыққа, елге аянбай қызмет етулері керек, біз әрқашан тілекші болып отырамыз», – дейді.

жұмыстары бар. Шарттарды мониторингтеу бөлімі тауар жеткізілімі шартының орындалу барысын қадағаласа, тауарларды қабылдау және жіберу бөлімі тауар жеткізу шарты бойынша әкелінетін тауарларды тиісті дәрежеде рәсімдеп қабылдайды. Оларды Қоғамның өндірістік құрылымдық бөлімшелеріне, өзге де мекемелерге жібереді.

Қойма шаруашылығы учаскесі – тауар жеткізуші тұлғалардан әкелінген тауарларды тиісті қоймаларға қабылдап, сақтап, әрі қарай өндіріске жібереді. Басқармада түрлі тауарларды сақтайтын арнайы қоймалар қарастырылған, сондай-ақ, қызметкерлерге арнайы киімдер беретін дүкен жұмыс жасайды.

№1 түсіру - тиеу учаскесі - теміржол арқылы



автокөтергіштермен қамтамасыз етеді. Қолданыстағы ескірген қоймаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Тұз қышқылы орталығына заманауи қондырғы тұрғызылуда.

Басқарма қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы жақсы. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Өткен жылы жұмысшылардың ұсыныс тілектерімен жүз орындық асхана қолданысқа берілді. Ал биыл тамақтану орталығының жанынан жүз елу орындық тұрмыстық-шаруашылық кешен бой көтеріп жатыр. Жуық арада қолданысқа беріледі деп күтіліп отыр.

Қожагелді Кокушов, ӨТҚЖЖБ әлеу-

меттік-әкімшілік бөлімінің басшысы:

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның барлық басқармаларындағы әлеуметтік қолдаулар шағын ғана ұжым болсақ та бізге де тиесілі. Жұмысшылардың жағдайлары жасаған. Атап айтар болсақ, сүттері, минералды сулары, арнайы киімдері т.б. қажеттіліктері уақытылы беріледі. Сонымен бірге материалдық көмектер де өз ретімен қарастырылған, дұрыс орындалады. Қызметкерлердің денсаулықтарын нығайту мақсатында шипажайларға жолдама беріледі. Биыл да еліміздегі іргелі емдеу-сауықтыру орталықтарына 56 жолдама бөлінді. Өзіміздің Кендірлі демалыс аумағындағы «Медикерге» 41 дана жолдама келіп, үлестіріп жатырмыз. Оған қоса жұмысшыларымыздың балаларының жазғы демалыстарын тиімді өткізуге 87 жолдама алып отырмыз. Бұл – Қазақстандағы көптеген кәсіпорындарда жоқ әлеуметтік па-

Басқарма өндіріске қызмет көрсетіп ғана қоймайды, сонымен бірге жұмыскерлердің біліктілігін арттыру, спорттық қабілеттіктерін шыңдау және қоғамдық жұмыстарға белсене араласуын әрдайым басты назарда ұстайды. Басқарманың мәдени-көпшілік, қоғамдық шараларда жеткен жетістіктері ұшан-теңіз, атап айтсақ, ағымдағы жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ арасында мамыр айында өткен «Жайдарман» ойынында басқарма командасы 3-ші орын иеленді. Командадағы 5-дәрежелі жүк ілдіруші Жасұлан Мусин «Үздік ойыншы» номинациясын жеңіп алды. Оған қоса маусым айында басқармааралық футболдан өткен іріктеу ойынында ӨТҚЖЖБ футбол құрамасы 3-ші орын иеленді. Жастардың ой жүйріктігі мен интеллектуалдық қабілеті сыңға түсетін «Ой-дода» зияткерлік сайысынан басқарманың командасы бас жүлдені иеленіп, инженер Санжар Оспан «Үздік ойыншы» атаңды.

Басқармада азаматтық, қайырымдылық істердің басы-қасынан табылатын жүк ілдіруші Құралбек Сейдов Жаңаөзен қаласындағы мүмкіндігі шектеулі жандардың спортқа ын-тасын оятып, қамқөңіл жандарға әрдайым көңіл бөліп келеді. Ол басқаратын волейбол командасының жетістігін де атап айтуға болады.

ӨТҚЖЖБжас мамандарына қолдау бар. Тәжірибе алмасу, олардың біліктілігін арттыру, спорт саласындағы жағдайлары назардан тыс қалмайды.

Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасының басты мақсаты - барлық деңгейдегі еңбек қауіпсіздігін сақтау, жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсету, жұмыстың қарқынын төмендетпеу және «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірісіне керек тауарлы-материалдық қажеттіліктермен қамтамасыз етуді мұлткізсіз орындап келеді. Елу жылға жуық атқарған негізгі қызметті кәсіпорын заманауи бағытта жалғастыра бермек.



немесе автокөлік арқылы әкелінген жүктерді қоймаларға түсіру, жинау және оларды өндіріске пайдалану үшін арнайы техникаларға тиеу жұмыстарымен айналысады. Мұндағы жұмыстарға басшылық ету аға шебер Абыз Ережеповке тапсырылған. Мекемеде 38 жыл 7 ай қызмет еткен маман осы жұмысқа алғаш орналасқанын былайша есіне алады: «Мен



## ОЙ-DOДА интеллектуалдық ойыны өтті

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІНДЕ «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫС ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУУЫМЕН «ОЙ-ДОДА» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫНЫ ӨТТІ.



Сайысқа қоғамға қарасты басқармалар мұнайшыларынан құралған 10 команда қатысты. Өз командаларына қолдау көрсету мақсатында ойынға қатысқан №3 МГӨБ, ӨЭМБ директорлары Жеңісбек Сүлейменов, Қалдыбай Жайылғанов өзге басқарма директорлары үшін үлгі болды. Ойынды Жас мамандар кеңесінің төрағасы Бауыржан Бердібайұлы жүргізді. Ойын төрешісі болып Мақсат Жамитов тағайындалды. Қатысушыларға небір қызықты сұрақтар қойылды. Айталық: «Ағылшын тілінде оның саны 2, орыс тілінде 6, фин тілінде 10, қазақ тілінде 7 түрі бар.

Ойында американ балалар жазушысы Марк Твен мен орыс жазушысы Антон Чеховтың цитаталарынан сөздер жасырылды.

«Ой-дода» интеллектуалдық сайысы қатысушылардың терең ойлап, шапшаң шешім қабылдауларын талап етті. Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Әділ Сүйебай: «Ой-дода» ойыны - жастардың білімді, жан-жақты болуға, өзіне деген сенімділік қасиеттерін қалыптастыруға бейімдеу, білуге, үйренуге деген қызығушылығын арттырады», - дейді. Бұл ойында ақыл, ой, білім сынға түсті. Ұлт ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлының «Адамға тіл,



Әңгіме не жөнінде болып тұр?»). Бұл сұраққа «Септік жалғауы» деп ӨТҚЖЖЖБ командасы бірден жауап беріп, бір ұпайға ие болды. Ал енді Бауыржанның «Бүгінгі күні тістері бар, тіпті сөйлейтін құстарды қайдан көруге болады?» деген сұрағы команда мүшелерін «қалың ойға» батырып жіберді. №3 СҚКБ командасының мүшесі Аида Қарамбетова «меніңше ғаламтордан» деп жауап берді. Сөйтсек, бұл сұрақтың жауабы өте қарапайым болып шықты. Біз тістері бар, сөйлей алатын құстарды мультфильмдерден көре аламыз екен. Бұл дұрыс жауапты ТТБ командасы тапты.

құлақ қандай керек болса, білім де сондай керек» деген сөзі бүгінде аксиомаға айналып отыр.

Нәтижесінде білім мен ой жарысында бас жүлдеге ӨТҚЖЖЖБ, I орынға №1 МГӨБ, II орынға №3 МГӨБ, III орынға ӨЭМБ командалары ие болды.

Кітаптар адал қызмет ете отырып, адамды адам ететінін жақсы түсінген шара ұйымдастырушылары жеңімпаздарға «білімнің бас құралы» - кітаптарды үлестірді.

Өте жоғары деңгейде өткен интеллектуалдық ой-доданы тамашалаушылар сайыстан көп нәрсені көңілге буып, көкірекке түйіп қайтты.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚАРАСТЫ БАСҚАРМАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ АРАСЫНДА «ҮЗДІК МАМАН-2017» САЙЫСЫНЫҢ II ТУРЫ АЯҚТАЛДЫ. БАСҚАРМАДАҒЫ САЙЫСТАН ОЗЫП ШЫҚҚАН ҮЗДІКТЕР ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМІН ОРТАҒА САЛЫП, ӨЗ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ АТАНУ ҮШІН БАР КҮШ-ЖІГЕРІН САЛДЫ. БАЙҚАУҒА МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ, СКВАЖИНАЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӨНДЕУ, ҚАБАТ ҚЫСЫМЫН САҚТАУ, СКВАЖИНАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ОПЕРАТОРЛАРЫ, СОРАПТАР СТАНЦИЯСЫНЫҢ МАШИНИСТЕРІ, ЭЛЕКТРОГАЗБЕН ДӘНЕКЕРЛЕУШІ, АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ (ЦА-320 МОТОРИСІ МЕН МАШИНИСІ), АВТОКӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ, МҰНАЙ КӘСІПШІЛІГІ ЖАБДЫҚТАРЫН ЖӨНДЕУ СЛЕСАРЫ, ЭЛЕКТРОЖӨНДЕУШІЛЕР ҚАТЫСЫП, КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ОРТАҒА САЛЫП, БАҚ СЫНАСТЫ.

## ҮЗДІКТЕР анықталды



Нәтижесінде, мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеу жөніндегі слесары мамандығы бойынша I орынға М.Дәулетниязов (№4 МГӨБ), II орынға С.Сүттібаев (№3 МГӨБ), III орынға М.Күшбаев (№4 МГӨБ) ие болды. Электрогазбен дәнекерлеуші мамандығы бойынша I орынға А.Үсенов (№1 МГӨБ), II орынға Ж.Абдиев (№3 МГӨБ), III орынға Т.Қамбаров (№1 МГӨБ) ие болды.

СЖЖЦ бригадалары бойынша I орынға Ж.Наурызбаев, Е.Кушенов, А.Қызметов (БЖБ), II орынға М.Айдарханов, З.Мурзабеков, Н.Наукебаев (БЖБ), III орынға Р.Сайын, М.Пасыров, Ж.Баймолдаев (№1 МГӨБ) ие болды. Қабат қысымын сақтау операторы мамандығы бойынша I орынға Ж.Каракулов (№3 МГӨБ), II орынға Д. Карамырзаев (№1 МГӨБ), III орынға М.Абдуллаев (№4 МГӨБ) ие болды.

Мұнай және газ өндіру операторы мамандығы бойынша Ж.Адына (I орын, №2 МГӨБ),





А.Латипов (II орын, №3 МГӨБ), С.Озганбаев (III орын, №1 МГӨБ) үздіктер қатарына енді.

Арнайы техника жүргізушілері (ЦА-320 моторісі) мамандығы бойынша Қ.Досбергенов (I орын, БЖБ), Е.Таскинбаев (II орын, №2 СҚКБ), А.Каримов (III орын, №5 СҚКБ) жеңімпаздар атанды.

ЦА-320 машинісі мамандығы бойынша Б.Алибаев (I орын, БЖБ), Е.Жумабаев (II орын, №2 СҚКБ), К.Дүйсенбаев (III орын, №5 СҚКБ) жүлдегерлер қатарынан табылды.

Автокөлік жүргізушісі мамандығы бойынша I орынға Ф.Турахов (БЖБ), II орынға А.Тиынов (№3 МГӨБ), III орынға Қ.Оспанов (БЖБ) ие болды.

Скважиналарды зерттеу операторы мамандығы бойынша I орынды А.Ермуханов (№3 МГӨБ), II орынды С.Мельчаков (№2 МГӨБ), III орынды Г.Садыков (№1 МГӨБ) қанжығасына байлады. Бірінші орынға ие болған үздік мамандар «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ өтетін ақтық сайысқа жолдама алды. Мол тәжірибесі, айтары мен байқары бар комиссия мүшелері арнайы техника жүргізушілері мамандығы бойынша сайысқа БЖБ жүргізушілерінің жақсы дайындалып келгенін айтты.

«Еңбекті Құдай көреді, адам бағалайды». Еңбекқор жанның қашанда бағы жанып, тасы өрге домаламақ!

Ауызбірлігі мықты, ыдысы кеппеген, ырысы кетпеген «Өзенмұнайгаз» АҚ жарқын болашағы білікті мамандар қолында екені сөзсіз!



## «АҚБӨБЕКТЕТ» ҚЫЗЫҚТЫ КҮНДЕР

«Кендірлі» демалыс аймағында орналасқан «Ақбөбек» балалар лагерінде мұнайшылардың 285 баласы демалып жатыр. Лагерьдің директоры Юсуп Құдайбергеновтің айтуынша, лагерьде әрбір баланың түлеп жетілуіне барлық жағдай жасалған. Мұндағы 7-10 жас аралығындағы алақанға салып өсірген бір-бір үйдің еркелерінің бабын тауып, олармен үнемі қоян-қолтық жұмыс жасау-тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін талап етеді. Бұл лагерьде жұмыс жасап жатқан тәрбиешілердің барлығы Республикалық «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығының тәжірибесінен өтіп, маман ретінде қалыптасқан. Қазіргі таңда «Ақбөбек» лагерінде 17 үйірме жұмыс істеп тұр. «Алтын дауыс», «Жас ақын», «Жас актер», «Жайдарман», «Гитара», «Ермексаз», «Қолөнер», «Жас медик», «Футбол ойнағым келеді», «Шаш өрмі», «Би», «Домбыра», «Ағылшынша сөйлеп үйренейік», «Хип-хоп», «Сурет әлемі», «Шынықсаң-шымыр боласың» т.б. үйірмелеріне балалардың қабілет-қарымы мен қызығушылығы ескеріле отырып, іріктеліп алынады.

Лагерь мейірбикесі Айсұлу Бегимова балалар денсаулығының жақсы екендігін айта отырып, әрбір баланың үйіне аман-есен оралуы үшін күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалып отырғандығын ала тартты. Мейірімді мейірбике балаларды суға түсетін кезде ерінбей теңіздің суының температурасын тексереді.

Ақбөбекте демалып жатқан 4-сынып оқушысы Нұрқат Тілеулиев «Маған асхананың тамағы қатты ұнап жүр. Аспаздар ас мәзірін жиі-жиі өзгертіп тұрады. Тамақтары өте дәмді. Мен барлық тамақты тауысып жеп жүрмін. Қасымадағы балалар да тамақтарын тауысып жейді»-дейді. «Ас-адамның арқауы»-деп қазақ тегін айтпайды. Дені сау ұлттың болашағы зор болмақ!

Ал Айназ Қаржау Ұлболсын Жұмаева жетекшілік етіп жүрген «Шаш өру» үйірмесіне қатысып, шаш өрудің «шаңырақ», «алты өрім», «жылан өрім» деген түрлерін үйренгенін мақтаншып айтып жатты. Лагерь басшысы Юсуп Құдайбергенов «балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілердің өзі бақытты бола білуді үйренуі керек. Тек сонда ғана олар балаларға бақытты болуды



үйрете алады. Бұл біздің оларға жасаған ең қымбат сыйымыз болмақ», – дейді күлімсіреп.


«Кендірлі» демалыс аймағында орналасқан «Ақбөбек» балалар лагерінде мұнайшылардың 285 баласы демалып жатыр. Лагерьдің директоры Юсуп Құдайбергеновтің айтуынша, лагерьде әрбір баланың түлеп жетілуіне барлық жағдай жасалған. Мұндағы 7-10 жас аралығындағы алақанға салып өсірген бір-бір үйдің еркелерінің бабын тауып, олармен үнемі қоян-қолтық жұмыс жасау-тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін талап етеді. Бұл лагерьде жұмыс жасап жатқан тәрбиешілердің барлығы Республикалық «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығының тәжірибесінен өтіп, маман ретінде қалыптасқан. Қазіргі таңда «Ақбөбек» лагерінде 17 үйірме жұмыс істеп тұр. «Алтын дауыс», «Жас ақын», «Жас актер», «Жайдарман», «Гитара», «Ермексаз», «Қолөнер», «Жас медик», «Футбол ойнағым келеді», «Шаш өрмі», «Би», «Домбыра», «Ағылшынша сөйлеп үйренейік», «Хип-хоп», «Сурет әлемі», «Шынықсаң-шымыр боласың» т.б. үйірмелеріне балалардың қабілет-қарымы мен қызығушылығы ескеріле отырып, іріктеліп алынады.

Лагерьде демалып жатқан балаларымыздың қандай фильмдер көретінін қатаң қадағалаймыз. Психологтардың айтуынша, шетелдік дүдәмал кейіпкерлі мультфильмдері жеңіл ойлауға жетелейді. Бір «Спанч Бобтың» өзі неге тұрады, қолындағы асты төге салады, лақтырады, ойға сыймайтын қылықтарға барады. Жас бала солардың жүгенсіз қылықтарын қайталауға үйренеді. Сондықтан ересектер тарапынан баланың көретін, тыңдайтын нәрселерін

«Ақбөбекте» мамандығы бойынша Б.Алибаев (I орын, БЖБ), Е.Жумабаев (II орын, №2 СҚКБ), К.Дүйсенбаев (III орын, №5 СҚКБ) жүлдегерлер қатарынан табылды. Автокөлік жүргізушісі мамандығы бойынша I орынға Ф.Турахов (БЖБ), II орынға А.Тиынов (№3 МГӨБ), III орынға Қ.Оспанов (БЖБ) ие болды. Скважиналарды зерттеу операторы мамандығы бойынша I орынды А.Ермуханов (№3 МГӨБ), II орынды С.Мельчаков (№2 МГӨБ), III орынды Г.Садыков (№1 МГӨБ) қанжығасына байлады. Бірінші орынға ие болған үздік мамандар «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ өтетін ақтық сайысқа жолдама алды. Мол тәжірибесі, айтары мен байқары бар комиссия мүшелері арнайы техника жүргізушілері мамандығы бойынша сайысқа БЖБ жүргізушілерінің жақсы дайындалып келгенін айтты. «Еңбекті Құдай көреді, адам бағалайды». Еңбекқор жанның қашанда бағы жанып, тасы өрге домаламақ! Ауызбірлігі мықты, ыдысы кеппеген, ырысы кетпеген «Өзенмұнайгаз» АҚ жарқын болашағы білікті мамандар қолында екені сөзсіз!

«Ақбөбек» балалар лагеріндегі тәрбиешілер мен балалардың көтеріңкі көңіл күйін көріп, біз де көңілденіп кеттік. «Адамның қалыптасуы бала кезден басталады. Жақсылық та адам бойына нақ сол бала кезде егіледі...» – дейді данагөй Қорқыт ата. Жақсы тәрбиеге үйрету-ұрпақтың келешегіне кемел жол болып табылады. Тек қаракөз балаларымыздың көкірегіндегі отты өшіріп алмасақ болды, басқа дүниенің бәрі орнына келеді әлі.

Бибігүл БӨБЕКБАЙ



## Құттықтау

### Құрметті Әсем Ізбасарқызы!

Сізді толып жатқан 55 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Ұжымдағы бедел биігіңіз аласармай, әрқашан жетістікті, табысты маман ретінде көріне беріңіз. Сіздің мекемеге сіңірген еңбегіңіз ерен. Ұлқызыңыздың қызығына бөленіп, ұзақ өмір сүріңіз деген ақ тілек жолдаймыз.

Игі тілекпен: №1 МГӨБ ұжымы



### Қадірменді Чысанбай Көбегенқызы!

Асқаралы 60 жас – ағаның, атаның жасы! Сіз – соңыңыздан ерген жас буынға жол нұсқап келе жатқан ағасыз! Немере-жиендерге өнегелі атасыз! Осы тұғырыңыздан түспей, абырой-беделге ие бола беріңіз. Ұжымдастарыңыз адал еңбегіңізді бағалайды. Әрқашан қуаныштарыңызға «сүйіншілеп», мәнді ғұмыр кешіңіз!

### Ардақты Айсылу Шәріпқызы!

Күн дидарыңыз талайдың есінде. Жылы жүзіңіз, жайлы қарым-қатынасыңыз – әріптестеріңіз бағалайтын Сіздің ерекше қасиеттеріңіз. Осы қалпыңызда 55 жасқа толып отырсыз. Мерейлі жасыңыз бақытыңызды арттырып, абыройыңызды еселесін. Мықты денсаулық тілейміз.



### Құрметті Қожагелді Көбешқызы!

Еңбек жолыңызда жауапкершілікті, белсенді, нағыз азаматтық қасиеттерге ие тұлға ретінде танылдыңыз. Қызықты да қиын қызметті атқара жүріп, кәсіпорынның тыныс-тіршілігіне өз үлесіңізді қоса білдіңіз. Сізді ердің жасы – 50-ге келген мерейтойыңызда құттықтап, зор денсаулық, мол бақыт тілейміз.



### Қадірлі Тілектес Тілемқызы!

Сізді 55 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Жаңа жаста нұрға толсын жүзіңіз, Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз, Отбасында балаларды қызықтап, Ортамызда аман-есен жүріңіз! Үлгі болған үлкенге де, жасқа да, Сыйлар сізді ұжымдас та, басқа да. Беделіңіз артып, үстем боп мерейіңіз, Дәл осылай жетіңіз 100 жасқа да!



Игі тілекпен: Мұнай дайындау және өндірістік қызмет көрсету басқармасының ұжымы



## ЖАҢЫЛ - жеңімпаз

Жаңыл Қойшыбаева – «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының қызметкері. Өз жұмысына жауапты, елгезек маманның тағы бір қырын көпшілік біле бермейді. Жаңыл вокалист, әнші Жасұлан Жанұзақовтың «Шырқа, дауысым, шарықта» деп аталған I республикалық телевизиялық фестивальдің облыстық іріктеу бөлімінде ән салып, бас жүлдені иеленді. 20-30 жас аралығындағы небір кәсіби білімі бар әншілермен сынға түскен мұнайшы көпшілікті таланттымен тәнті етті. Ол 8 жасынан бастап фортепьяно сыныбында 7 жыл оқыған. Алайда арнайы вокалдан сабақ алмаған. Күзде өтетін республикалық байқауға жолдама алған Жаңыл енді дайындықты пысықтап жатыр.

Өнер әлеміне қадам басқан әріптесімізге сәттілік тілейміз! Жарыс жолында жаңылма, Жаңыл!



## Робототехника – заманауи сала

Робототехника – адам еңбегін жеңілдету және уақытын үнемдеу мәселерімен айналысатын білім саласы. Заманауи бағыт соңғы кезде жастардың ынтасын оятып отыр.

Акционерлік қоғамда жаңа салаға қызығушылығы бар мамандарды оқыту қолға алынды. Робототехника курсына қатысушылар ардуино микро процессорымен жұмыс жасауды үйренді. Робот жасау – әр адамның ойлау қабілетіне байланысты. Роботқа жүктелген міндетті орындату үшін бағдарлама жазылады. Механизмдерді құрастыру оңай болғанымен, оған бағдарлама жасау қиын. Курста ардуино микро процессорына бағдарлама жазуды және әр түрлі құрылғыларды жалғап көрдік.

Білімдік курста үйренгендеріміз біздің жұмысымызда, тұрмыс-тіршілігімізде өзінің пайдасын тигізетініне сенімім мол.

Жарығап ӨТЕШОВ

«Өзенмұнайгаз» АҚ робототехника үйірмесінің жетекшісі



## ЖАҒАЖАЙ ВОЛЕЙБОЛЫНАН жүлдемен оралды

Мүмкіндігі шектеулі жандар арасында Словакияда өткен халықаралық жағажай волейболынан «Алға» мүгедектер спорт клубы жүлдемен оралды. Н.Кулушов, Б.Оразалиев, Н.Қожабеков, Қ.Сейдов, Е.Оңаев, Б.Бисеновтерден құралған команда Еуропаның үздік құрамаларынан (Польша, Словакия) кем түспеген. Команда құрамында ӨТҚЖЖБ қызметкері Құралбек Сейдов пен №1 МГӨБ жерасты жөндеу және диагностикалау цехының маманы Бекнұр Бисенов бар. 2 күнге созылған спорттық сында 6 команда бақ сынаған. «Жұмыстан босатып, спорттық сайысқа түсіністікпен қарағаны үшін басшыларыма ризашылығымды білдіремін. Жарыс жақсы өтті. Тек ғана волейбол ойнап келген жоқпыз, Еуропаның мәдениетімен таныстық. Маңғыстаудан барып, осындай жүлделі орынға ие болғанымызға төбеміз көкке жетті. Барлығы елдің тыныштығы, еркіндік пен бірліктің арқасы деп білемін», – дейді команда мүшесі Б.Бисенов.

Жүлдегерлер алдағы Данияда өтетін жарысқа дайындықты бастап кеткен.